

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1887 қаулысына  
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 10 сәуір N 530

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Астананы Ақмола қаласына көшірудің алғашқы кезеңінде орналастыруға жататын жоғары және орталық мемлекеттік органдардың тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1887 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1995 ж., N 41, 513-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

3-тармақтың екінші абзацы алынып тасталсын;

Мынадай мазмұндағы 5-6 тармақтармен толықтырылсын:

"5. Мемлекеттік органды белгіленген мерзімде көшіруге тиісті органның басшылары жауапты деп белгіленсін.

6. Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіру жөніндегі комиссияға осы қаулының орындалуына бақылау жасау жүктелсін";

аталған қаулыға қосымша мынадай редакцияда жазылсын:

"1997 жылғы мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына  
көшірудің тізбесі мен мерзімі

---

Мемлекеттік органның атауы

і Көшіру мерзімі

---

1                    i                    2

---

Қазақстан Республикасы Президентінің  
Әкімшілігі (келісім бойынша)                  IV тоқсан

Қазақстан Республикасының Парламенті  
және оның аппараттары (келісім бойынша)      IV тоқсан

Қазақстан Республикасының Үкіметі және  
Қазақстан Республикасы Премьер-

Министрінің Кеңесі

IV тоқсан

Қазақстан Республикасы Президентінің

Күзет қызметі (келісім бойынша) IV тоқсан

Республикалық ұлан (келісім бойынша) IV тоқсан

Қазақстан Республикасы Президентінің

Іс Басқармасы (келісім бойынша) IV тоқсан

Конституциялық Кеңес (келісім бойынша) IV тоқсан

Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім  
бойынша)\* IV тоқсан

Орталық сайлау комиссиясы (келісім  
бойынша) IV тоқсан

Жоғарғы Сот (келісім бойынша) IV тоқсан

Бас Прокуратура (келісім бойынша)\* IV тоқсан

Мемлекеттік тергеу комитеті (келісім  
бойынша)\* IV тоқсан

Баспасөз және бұқаралық ақпарат  
істері жөніндегі ұлттық агенттік  
(келісім бойынша) II тоқсан

Стратегиялық ресурстарды бақылау  
жөніндегі агенттік (келісім бойынша) IV тоқсан

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі  
агенттік (келісім бойынша) IV тоқсан

Республикалық бюджеттің атқарылуын  
бақылау жөніндегі есеп комитеті  
(келісім бойынша) IV тоқсан

Ішкі істер министрлігі және Ішкі  
әскерлер қолбасшысының бас басқармасы\* III тоқсан

Сыртқы істер министрлігі\* IV тоқсан

Ауыл шаруашылығы министрлігі II тоқсан

Көлік және коммуникациялар министрлігі II тоқсан

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау  
министрлігі IV тоқсан

Қаржы министрлігі\* IV тоқсан

Экономика және сауда министрлігі\* IV тоқсан

Энергетика және табиғи ресурстар  
министрлігі IV тоқсан

Әділет министрлігі IV тоқсан

Қорғаныс министрлігінің жедел тобы\*\* -

"Қазақстан теледидары мен радиосы"  
республикалық корпорациясы III тоқсан

Қазақстан Республикасының Жоғары және  
орталық мемлекеттік органдары Ақмола  
қаласына көшіру жөніндегі комиссияның  
аппараты III тоқсан

---

\* 1997 жылы мемлекеттік органның бірінші басшысының  
белгілеуімен, аппараттың бір бөлігі көшіріледі.

\*\* 1996 жылы көшірілді

Ескерту. Мемлекеттік органдарды көшіру мерзімін айлар бойынша Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіру жөніндегі комиссия белгілейді".

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК